



Миң тәзайы

рухани-танымдық журнал



Шығанақтың ақ тарысын көзіндегі сақтап жүр



Бабаларымыздан қалған қандай мұра болмасын, оны көзіндегі қылып сақтаған, әсптепеп аялап ұстаудың арқасында қазіргі үрпақтарына жетеді. Кезінде есімі елдің аузынан түспеген Шығанақ Берсеевтің ақ тарысы осымен үш рет жоғалып, барып қайта пайдада болғанын біреу білсе, біреу білмейді. Шығанақтың өзі алған өнімнен қалған ақ тарының тұқымы көзінің қарашығында сақтап жүрген ақтөбелік Жармұхан Сәкен Хамитұлындаған бар. Ақ тарыны егіп, көбейту жағын қөксеген Сәкен Хамитұлы еңбек жолын Ойыл ауданынан Ойыл совхозында бас агрономдықтан бастаған. Шығанақтың ақ тарысының қалай жоғалып, қалай пайдада болғаны туралы ол кезінде ауыл ақсақалдарынан естіген екен.

Құргақ жerde дұрыс сақтаса тарының өнімділігі кемімей 85 жылға шыдайды екен. Басына түскен қыындықтан соң, Қоңыратқа кетуге бел байлаған Шығанақ Берсеев болашақты ойлап, екі кеспек тары дәнін қыстауының ішіне және «Елемес шоқының» баурайына — екі жерден ұра қазып, арасын 500 метрдей етіп, 10 пүттән көміпті. Кейін елге оралған соң Шығанақ 1931-33 жылдары аштықта көмбен тауып алғып, бұзылмаған 20 пүт тарыны балаларға көже қылады. Кейін 1936 жылдың наурызында өзінің үйін өзіне қайтып бергенде, сол жердегі көмбеге жасырған тағы екі кеспек тарыны қазып алады, егеді. Сөйтіп, 1938 жылы әр гектардан 37 центнерден өнім алады. Осылайша жоғалып кеткен тарыны қайта көбейтеді. 1940 жылы — 125 центнерден алғып, Одак бойынша үздік көрсеткішке жеткен. Осы табысы үшін диханға елдін ең жоғарғы наградасы — Ленин ордені берілді. Ал 1941 жылы әлгі көрсеткіш 150 ц, 1942 жылы — 175, жеткізіліп, 1943 жылы бүкіл биология ғылымын таңқалдыրған 204 центнер жинады. Тары тұқымын мұқият іріктеп, көктемгі егісті дер кезінде жүргізу, егінді баптап-куту, ысырапсыз ору арқылы ол осындағы рекорд жасады.

Сол жылдары қызыл тарының Ойыл табигатына келінкіремейтінін анғарып, әр тары дәнінің түрліше болатынын білген ол тұқымын жақсарту үшін қолмен теріп алған дәндердіған сеуіп, іріктеуге 5-6 жыл уақытын жұмсайды. Ақыры өмірге «Ақ тары» келеді. Шөліркеген адам сияқты суды аңсан жұтатын тарыны күніне 4 рет суарады. Атақты тарышы тұқымды сепкенде жерді 20 см-ден кем жыртпайтын, сосын жерді үш рет тырмалап, әбден тегістейтін. Ол тұқым себуді 7-8 күннен асырмайтын. Тұқымды сепкен бойда беті тегістеледі, себебі ылғал сақталуы керек.

Былайғы тарының 1000 дәнінің салмағы 5 грамм болса, Берсеевтің ақ тарысы 7-8 грамма жеткен. Дүйім ел таңданып, тіпті сенімсіздік білдіргендеге тарышы «шығымдылықтық шегіне өлі жеткем жоқ» деген деседі.

1947 жылы бір ғана Ақтөбе облысында осы іспен 700 звено айналысыпты. Хрушевтің өзі бастаған тың игеру кезінде тек Ақтөбе облысы ғана, жыл сайын, мемлекетке 3 миллион пүт тары еткізіп тұрган екен.

Кейіннен Шығанақ өмірден озған соң, ақ тарысы тағы жоғалады.

АҚ ТАРЫНЫ ЖОҒАЛТПАЙЫҚ

1972 жылы Ақтөбе облысына Шымкенттен Василий Андреевич Ливенцов басшы болып келгенде, өзі агроном болған соң, ол кезінде даңқы жерді жарған Шығанақтың ақ тарысы туралы сұрайды. Егерін тұқым да қалмапты. Кейін Мәскеуге съезде барғанда Шығанақтың ерінбей, жалақпай бейнеттеніп дәнді іріктеп, бөлектеген дақылынан алғанған ақ тары тұқымының Бүкілодақтық жетістіктер көрме зағында тұрганын көреді. 200 грамдық стақанда түр екен. Таба

алмай жүргенім алдынан шықты ғой деп қуанып, келген соң, Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевқа шығады. «Осы тарыдан тұқым алғып беруге жәрдемдесініз» дег өтінеді. Келесі жолы барғанда екеуі Л.И.Брежневке кіреді.

«Ұлы Отан соғысы кезінде ашаршылықтан құтқарған Шығанақтың ақ тарысы көрмеде түр 200 грамнан 20 грамм болса да алдырып беріңіз» дег сұрайды. Брежнев Қонаевтың жеке қадағалауында болсын деп, 20 грамм тарыны көрмeden алдыртыпты. Осылайша, аттай қалап алған 20 грамм тары Ақтебедегі тәжірибе станса директоры Александр Михайловтың қолына тапсырылған екен. Сол стансада егіледі. Көбейген соң ол дақылдың тұқымы Ойыл ауданының (Амангелді, Ш. Берсеев, Құрман, Ойыл, Саралжың совхоздары) 5 шаруашылығына жеткізіледі. Сөйтіп Шығанақтың ақ тарысы 30 жылдан кейін қайта елге оралады. 1972-1985 жылдар аралығында Ақтөбе облысында ақ тары егіліп, өнімдер алынған.

— Көзкөрген ақсақалдардың айтуынша, Шығанақтың тарысының көлемі бүршақтай болыпты. Өсіп тұрғанда биіктігі атты адамның үзенгісінен асқан, кей жерлерде аттылы адам көрінбейтін болыпты. Шығанақ тарыны қолмен сеуіп, қол орақпен орып, жинаған. Мен агроном бол жүргенде Ойыл совхозында барлығы 160 гектар жерге тары егілді. Сонда біз тары егуге арналған жерді аударып, қосыту, органикалық тыңайтқыш себу сияқты шаруалардың бөрін техниканың күшімен жасадық. Қыс бойы қар тоқтатылған жерде көктемде ылғал жауып, тарыны себеміз. «Волжанка» деген агрегатпен 10 күн сайын суaramыз. Тарының дәні ұсақ болғандықтан, піспей, көксагал күйінде шабады. Пісіп кетсе, сусылдап, шашылып қалады. Нива комбайнның жіберіп, орган соң, дестеге салынады. 10 күннен соң, жиналады. Сөйткен күннің өзінде, ең жоғарғы көрсеткіш Кералы деген егін алқабынан 1 гектардан 30 центнерден өнім алдық. Кералыда 120 гектар алқапқа тары егілген еді. Содан 1984 жылғы өнімнен 10 келідей алғып қалған едім. 33 жылдан бері соны сақтап журмін. В. Ливенцов 1985 жылы зейнеткерлікке шығып, Мәскеуге көшіп кеткен соң, тары егу тоқтап қалды,-дейді Сәкен Хамитұлы.

«Бидайдан бір тамғанда, тарыдан екі тамады», «Кеспе көже күн батқанша, бидай көже ел жатқанша, тары көже таң атқанша», дейтін қазақ тарыны жақсы көрген. Үлкендер тары туралы айтқанда, «етке қоссан — наңсу мен сүтке араластырсаң — қымыздай көже; үгіп майға салсан — жент, әрі тәтті, әрі нарлі қазақ халуасы; қайнатып қуырып алғып, ақтап жесен бірде — сусын, бірде — тамақ» деген тамсанып отыратының білеміз. Еңбекті де еселеп өтейтін өнімі бар Шығанақтың ақ тарысын ешкім екпейді, тұқымы елде мулде жоқ. Егуге ешкім мойнын бұрап емес.

Сәкен Хамитұлы 2016 жылы сөүір айында облыс әкімі Бердібек Сапарбаевтың қабылдауында болып, облыс бойынша суармалы алқаптарды қайта қалпына келтіру мәселесін айта келіп, көзінің қарашығында сақтап жүрген ақ тарының тұқымын көрсеткен. Ендігі жерде өз қолындағы Шығанақтың ақ тарысының тұқымын жоғалтып алмай, қайта егу қолға алынса деген үсынысын жеткізген болатын. Агрономияда тарыны «жауынгер дақыл» дег атайды. Өйткені, тары стратегиялық дақыл. Сақтау мерзімі ұзақ, әрі ішіндегі қоректілігі жоғары. Адам ағзасына пайдасы көп микротиптер бар. Тарыны сорпаға салғанда тамақтың қоректілігі артады. Қазір Ойыл ауданында тек қызыл тарыны егіп жүр.